

«6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Назарбекова Алуа Ахмедияровнаның «Жалпы білім беретін мектептерде этномәдени бірліктерді оқыту әдістемесі (8-9-сыныптар бойынша)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына рееси рецензент педагогика ғылымдарының докторы, профессор Сүлейменова Жарқынбике Нуайқызының

ЖАЗБАША ПКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Рееси рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Назарбекова Алуа Ахмедияровнаның «Жалпы білім беретін мектептерде этномәдени бірліктерді оқыту әдістемесі (8-9-сыныптар бойынша)» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысы Казақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 «Білім туралы» Занын; «Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оку бағдарламасын»; Казақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоксандағы № 1045 қаулысымен бекітілген Казақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын; Казақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен бекітілген «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын; Казақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 қарашадағы №941 қаулысымен бекітілген Казақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын басшылыққа алушымен сипатталады.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуның «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс 8D017 – Тілдер және әдебиет бойынша педагогтарды даярлау (6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті) бағыты бойынша ұсынылған.	A.A. Назарбекованың диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуның «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс 8D017 – Тілдер және әдебиет бойынша педагогтарды даярлау (6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті) бағыты бойынша ұсынылған.

		техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын корсету)	
2.	Ғылымга маныздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды , ал оның маныздылығы ашылған/ашылмаган .	<p>Диссертациялық жұмыс этномәдени бірліктердің оқыту әдістемесін ғылыми негіздеуге бағытталған. Зерттеу барысында алынған ғылыми-тәжірибелік жетістіктері жалпы білім беретін мектептердің 8-9-сынып окушыларына қазақ тілін оқыту әдіснамасы мен әдістемесінің дамуына елеулі үлес косып, білім беру жүйесіндегі маныздылығын нақтылай түседі.</p> <p><i>Біріншіден</i>, жалпы білім беретін мектептің 8-9-сыныптарында қазақ тілін оқыту әдістемесінде этномәдени бірліктерді оқытудың ғылыми-әдістемелік негізі тұжырымдалған;</p> <p><i>Екіншіден</i>, ұлттың тарихи болмысын айқындастын этномәдени бірліктер сараланып, талданып, жанрына, формасына, типіне, мағынасы мен қызметіне қарай ажыратылып, тілдік фактілер арқылы дәйектелген;</p> <p><i>Үшіншіден</i>, этномәдени бірліктер әлеуметтік қызметі тұрғысынан этностереотиптер, этнорегиолектілер, этнопрагматонимдерге жіктеліп, оларды «Қазақ тілі» пәнінің білім мазмұнына енгізуін қажеттілігі анықталған;</p> <p><i>Төртіншіден</i>, этномәдени бірліктерді оқытуудың саналуан әдіс-тәсілдері мен жаттығу жұмыстары, мәтін талдау, ақпараттық-коммуникативтік және ойын технологиялары арқылы менгертудің тиімді әдістемесі ұсынылған;</p> <p><i>Бесіншіден</i>, этномәдени бірліктерді оқыту арқылы ұлттық құндылықтарды бойына сінірген дара тұлғаны қалыптастыру моделі ұсынылған.</p>
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары ; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Докторант А.А.Назарбекованаң диссертациялық жұмысты өзі жазу деңгейі жоғары. Диссертациялық жұмыстағы тұжырымдар мен нәтижелер соңы жылдарда жарияланған ғылыми еңбектердегі қағидаларға негізделіп, ізденушінің өзіндік тұжырымдарымен қорытылған. Диссертацияда зерттелуі тиіс манызды мәселелер дұрыс шешімін тапқан. Диссертант ғылыми тұжырымдарын жүйелі түрде баяндаған. Ғылыми нәтижелері мен ой қорытындылары өзара тығыз байланыста, бірінен-бірі орбіп отырады.

			A.A.Назарбекова ғылыми стильді жетік менгерген.Жарияланымдары диссертация мазмұнын толығымен қамтиды.
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген. 	<p>Диссертацияның өзектілігі үлттың тарихи болмысын, мәдениетін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрыптарын айқындайтын этномәдени бірліктердің мән-мағынасын менгерту арқылы жалпы білім беретін мектептегі 8-9-сынып окушыларының бойына үлттық құндылықтарды сініруіне негізделген.</p> <p>Этномәдени бірліктерді тиімді әдістәсілдер арқылы оқыту окушының үлттық санасы мен тілдік тұлғасын калыптастыруға, танымдық білімін терендетуге, ой-өрісін кеңейтуге, сөздердің мағыналық ренкін танытуға, оларды дұрыс қолдануға мүмкіндік береді. Осы түрғысынан диссертациялық жұмыстың қазіргі дидактикада саласында өзекті мәселені зерттеп-зerdeлеуде қосқан үлесі мол енбек деп бағалауға болады.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындаамайды 	<p>Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын толық көлемде айқындайды. Диссертация мазмұны кіріспе, нормативтік сілтемелер, анықтамалар, белгілеулер мен қыскатулардан және екі бөлімнен, әр бөлім 4 параграфтан, әр бөлім бойынша тұжырымдардан, корытындыдан, сонымен катар пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.</p> <p>Зерттеудің тараулары өзара ішкі бірлікті сақтаған, тақырыпқа қатысты өзекті мәселелер жіті талданған.</p> <p>Бірінші тарауда этномәдени бірліктерді оқытудың тілдік, танымдық, психологиялық-дидактикалық негіздері талданған.</p> <p>Екінші тарауда этномәдени бірліктерді оқытудың әдіс-тәсілдері беріліп, оқыту экспериментінің нәтижелері ұсынылған. Диссертация мазмұны зерттеудің ғылыми болжамы мен жетекші идеясы бойынша зерттеу жұмысының тақырыбын айқындайды.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді 	<p>Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері тақырыбына толығымен сәйкес келеді. Зерттеу барысында алынған нәтижелердің негізділігі мен сенімділігін растайды. Зерттеу міндеттері этномәдени бірліктер туралы және оны</p>

		<p>окытуға қатысты енбектерді саралаумен, онын әдістемелік жүйесін жасаумен, ұтымды әдістерден тұратын оқыту әдістемесін әзірлеумен сәйкес келеді. Диссертант зерттеу барысында алдына қойған міндеттерін мақсатқа сәйкес толық орындаған. Атап айқанда, Этномәдени бірліктерді оқытудың лингвистикалық, психологиялық-педагогикалық негіздерін аныктап, оларды оқытудың әдістемесін ұсынған және оның тиімділігін эксперимент арқылы дәлелдеген.</p>
	4.4. Диссертацияның барлық белімдері мен құрылышы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жок	<p>Диссертацияның барлық белімдері мен құрылышы логикалық тұрғыдан бірбірімен өзара толық байланысқан. Алынған нәтижелер автордың қорытындыларымен бірге диссертацияда қойылған мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келеді. Бірінші тарауда этномәдени бірліктерді оқытудың теориялық-әдіснамалық негіздері анықталған. Екінші тарауда 8-9-сынып окушыларына этномәдени бірліктерді менгертудің тиімді әдістемелік жүйесі ұсынылған. Диссертацияның тараулары арасында өзара логикалық байланыс сақталған.</p>
	4.5 Автор ұсынған жана шешімдер (қагидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сынни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізлген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	<p>Автор ұсынған жаңа шешімдерде сынни талдау бар. Диссертацияда этномәдени бірліктерді жалпы білім беретін мектептерде оқытудың ғылыми-тәжірибелік негізін теориялық-әдіснамалық айқындауда, негізгі түсініктерді нактылауда, құрылымдық-мазмұндық жүйесін қалыптастыруда, әдістемесінің тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы тексеруде сынни талдау бар және бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған, толықтырылған. Автордың сынни көзкарасын этномәдени бірліктерді зерттеп-зарделеудегі пікірлерді саралауынан және оқыту әдіс-тәсілдері жоніндегі тұжырымдарды талдауынан байқауга болады.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қагидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жана болып табылады);</p> <p>Диссертацияда көрсетілген этномәдени бірліктерді жалпы білім беретін мектептерде оқыту әдістемесі бұрын соңды зерттелмеген толығымен жаңа; Этностереотиптер, этнорегиолектілер, этнопрагматонимдердің мектеп</p>

	3) жана емес (25% кем жаңа болып табылады)	оқушысына ұтымды әдіс-тәсілдер арқылы оқыту толығымен жаңа; Этномәдени бірліктердің тарихи, рухани, материалдық мәдениетті айқындастырын лингвистикалық белгілері оқытудың лингводидактикалық негізіне танылуы толығымен жаңа болып табылады.	
	5.2 Диссертацияның корытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертация жұмысындағы этномәдени бірліктердің жанры мен формасына қарай ажыратылып, әлеуметтік ортада қызмет етуіне қарай этностереотиптер, этнорегиолектілер, этнопрагматоним болып жіктелуі, қызметіне қарай этнодиалектизмдер, этнофразеологизмдер, этнонимдер, типіне қарай мифологиялық этнолексика, символдық этнолексика, нумеративті этнолексика, метрикалық этнолексика, сакралды этнолексика деп жіктеліп, тілдік фактілер арқылы дәйектелуі, этномәдени бірліктерді оқытудың экстралингвистикалық, функционалдық ұстанымдарының ұсынылуы толығымен жаңа болып табылады.	
	5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыста көрсетілген міндеттерді шешу барысында қолданылған техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және әдіснамалық-әдістемелік түрғыдан негізделген. Докторанттың ұсынған этномәдени бірліктерді жалпы білім беретін мектептерде оқытудың ғылыми-тәжірибелік негізі толығымен жаңа және негізделген. Диссертациялық жұмыс барысындағы алынған тұжырымдар және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерінің дұрыс үйімдастырылуы мен жүргізілуі ғылыми жарияланымдармен негізделеді.	
6.	Негізгі корытындылардың негізділігі	Барлық корытындылар ғылыми түрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертациялық зерттеудің корытындылары дәлелдемелерде ғылыми-тәжірибелік деңгейде негізделген және математикалық-статистикалық талдаулар арқылы нақтылығы расталған. Зерттеу барысында этномәдени бірліктер теориялық және оқыту әдістемесі түрғысынан кең колемде жан-жақты талданған.
7.	Коргауга шығарылған	Әр кагидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:	А.А. Назарбекованаң диссертациялық жұмысы бойынша коргауға ұсынылған

	негізгі қағидаттар	<p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жок <p>7.3 Жана ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жок <p>7.4 Колдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) тар; 2) орташа; 3) кен <p>7.5 Макалада дәлелденген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жок 	<p>қағидаттар эксперимент арқылы дәлелденген.</p> <p>7.1 Қағидаттары дәлелденген.</p> <p>7.2 Тривиалды емес</p> <p>7.3 Ізденушінің зерттеуінің жаналық дәрежесі төмендегідей:</p> <p>Этномәдени бірліктер жанры мен формасына қарай ажыратылып, тілдік фактілер арқылы дәйектелген, лексикалық, фразеологиялық және паремиологиялық бірліктердің мазмұны салыстырмалы-тарихи әдіс арқылы зерттелген. Этномәдени бірліктер қалыптасуы мен әлеуметтік ортада қызмет етуіне қарай этностереотиптер, этнорегиолектілер, этнопрагматоним болып жіктеліп, олардың әлеуметтік қызметі тілдік фактілер арқылы дәлелденген. Этномәдени бірліктердің үлттың тарихи болмысын танытудағы ең манызды курал болып саналатыны мысалдар арқылы дәйектеліп, этномәдени бірліктердің танымдық мәні «Дала», «Жеті ата», «Жер» концептілері негізінде айқындалған. Қазактың этникалық дүние бейнесі мифологемдік, прецеденттік, зооморфтық, фитоморфтық, орнитонимдік, материалдық және рухани мәдениет атаяуларының мазмұнына талдау жасау арқылы ашылып, этномәдени бірліктердің қалыптасуына этноцентризмдік жүйедегі этнопсихикалық таным мен этножіктеуіш белгілер негіз болатыны анықталған, Этномәдени бірліктерді оқытудың арнайы қағидаттары ұсынылып, тұлға моделі жасалған, этномәдени бірліктерді оқытудың тиімді әдістемесі ұсынылып, тиімділігі эксперимент негізінде дәлелденген;</p> <p>7.4 Диссертацияның негізгі қағидаттарының қолданылу ауқымы кен.</p> <p>7.5 Диссертация тақырыбына қатысты он бір макала жарияланып, ұсынылған қағидаттары мен оқыту әдістемесінің тиімділігі тәжірибеде дәлелденген.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған аппараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жок 	<p>Әдістеменің таңдауы негізделеген.</p> <p>Этномәдени бірліктерді оқыту жүйесіндегі әдіснамалық, әдістемелік тұжырымдары өзара байланысқа негізделді. Докторант зерттеу тақырыбына сәйкес міндеттерді шешу барысында сараптау, ой корыту, талдау әдістері, озық тәжірибелерді жинақтау, саралау, жүйелеу әдістері, эксперимент</p>

			нәтижелерін сандық және сапалық түргыда сараптау, жинақтау әдістерін тиімді қолданған.
	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеудердің көзірігі заманғы әдістері мен деректердің ондеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алғынған: 1) ия; 2) жок	Диссертанттың зерттеу жұмысының нәтижелері ғылыми зерттеудердің жана теориялық және эмпирикалық әдістерін қолдану арқылы алғынған. Диссертанттың зерттеу барысында жасаған тұжырымдары мен нәтижелері зерттеу жұмысында 23 сурет, 17 кесте түрінде ұсынылған. Эксперимент нәтижелері сандық, сапалық түргыдан көрнекі көрсетілген.	
	8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеудермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жок	Диссертанттың зерттеу жұмысының теориялық, әдіснамалық қорытындылары жалпы білім беретін мектепте 8-9-сыныпта білім беру үдерісінде этномәдени бірліктерді оқыту арқылы жан-жақты, бәсекеге қабілетті, ұлтжанды, саналы, тілдік тұлғаны қалыптастыру бойынша әзірленген тәжірибелік-эксперименттік әдістемелік жүйенің тиімді жүзеге асуына мүмкіндік береді. Этномәдени бірліктердің тиімді оқыту жүйесі оқыту эксперименттік зерттеудері негізінде дәлелденді.	
	8.4 Маңызды мәлімдемелер накты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Зерттеу жұмысындағы маңызды мәлімдемелер накты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелер жасаумен расталған. Этномәдени бірліктерді жалпы білім беретін мектепте оқытудың әдіснамасы мен әдістемесі, тіл біліміне қатысты еңбектер, КР ФЖБМ-нің реңми құжаттары, шетелдік ғалымдардың еңбектері, окушылардың этномәдени бірліктердің менгеруіндегі тиімді әдістеме бойынша маңызды мәлімдемелері накты және сенімді. Пайдаланылған әдебиет диссертацияның мазмұнын ашуға, теориялық-әдістемелік түргыдан ғылыми негіздеуге мүмкіндік береді.	
	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуга жеткілікті	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуга жеткілікті. Диссертацияда 140 әдебиетке шолу жасалған. Автор тақырыпқа сәйкес нормативтік-құқықтық, статистикалық, электронды және басқа да дереккөздердің жеткілікті пайдаланған.	
9	Практикалық күндыштық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия;	Диссертанттың зерттеу барысында қол жеткізген ғылыми нәтижелері мен қорытындыларының теориялық маңызы

		2) жок	бар: педагогика ілімінің жаңа теорияларын дамытуға, этномәдени бірліктерді оқытудың әдіснамасын ғылыми негіздеуге мүмкіндік береді. Зерттеу тұжырымдары қазақ тілін оқыту әдістемесінен ғылыми, оку-әдістемелік кешендерін дайындауда маңызы зор.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жок	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеудің нәтижелері жалпы білім беретін мектепте қазақ тілі пәнін оқытудың сапасын арттыруға, оқытудың негізгі формасы сабакты нәтижелі үйымдастыруға негіз болады. Енбекте ұсынылған кешенді жаттыгулар мен тапсырмалар, әдіс-тәсілдер қазақ тілін оқыту үрдісін тиімді үйымдастыруға мүкіндік береді.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жана болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жанаболып табылады)	Практикалық ұсыныстар: Жалпы білім беретін мектепте этномәдени бірліктерді оқытудың қажеттілігін көрсететін ұсыныстары мен қағидаттары <i>толығымен жаңа</i> ; 8-9-сынып оқушыларына оқытатын «Қазақ тілі» пәнінде этномәдени бірліктерді оқытуды жүзеге асыратын эксперимент <i>толығымен жаңа</i> ; «Қазақ тілі» пәнінің мұғалімдеріне қолдану үшін ұсынуға болатын этномәдени бірліктерді оқытудың әдістемесі <i>толығымен жаңа</i> болып табылады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу түрі – диссертация. Диссиденттың академиялық жазу сапасы <i>жоғары</i> деңгейде. Диссертация академиялық жазу ерекшеліктеріне сай дербес аяқталған жұмыс және объективті түрде жазылған, ғылыми стильде ұстанған, жүйелі күрылымды сактаған, сілтемелерді дұрыс қолдана білген. Диссертацияның күрылымы мен мазмұнын ресімдеу ғылыми жұмыстарға койылатын талаптарға сәйкес келеді. Зерттеу жұмысында орфографиялық және пунктуациялық қателер ішінara кездеседі. Аталған ескертпе диссертация-лық жұмыстың құндылығын төмендетпейді. Диссертациялық жұмыс ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің талаптарына сәйкес орындалған. Ғылыми стильде жазылған, зерттеу

		багыты мен мақсаты айқын, міндеттері толық шешімін тапқан.
--	--	--

Ресми рецензент томендегі шешімді қабылдады:

Жоғарыда айтылғандарды тұжырымдай отырып, «8D017 – Тілдер және әдебиет» бойынша педагогтарды даярлау (6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті) бағыты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Назарбекова Алua Ахмедияровнаның «Жалпы білім беретін мектептерде этномәдени бірліктерді оқыту әдістемесі (8-9-сыныптар бойынша)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын ғылыми жаңалығы, теориялық, тәжірибелік маңызы бар, «Дәрежелер беру көфірлердің» талаптарына сәйкес орындалған, академиялық сауаттылығы жоғары, аяқталған жұмыс деп есептейміз.



А.А. Назарбекова «6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиет» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайыкты.

Ресми рецензент:

Қазақ ұлттық қыздар
педагогикалық университеті,
Қазақ тіл білімінің теориясы және
әдістемесі кафедрасының
профессоры, д.п.н.,



Ж.Н. Сүлейменова

Қолы	
Подпись	
Растаймын: «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» ҚеАҚ HR қызметі	
Заверено: НАО «Казахский национальный женский педагогический университет» HR служба	